

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді мерзімінде төлемеген салық төлеушінің мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешім шығару тәртібі туралы ережені бекіту туралы <*> Ескерту. Атауы мен мәтіндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 1996.03.19. N 333 қаулысымен.~P960333

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 31 шілде 1995 ж. N 1041. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.25. N 569 қаулысымен. ~P020569

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235 _ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Салық және бюджетке міндетті басқа да төлемдерді белгіленген мерзімінде төлемеген салық төлеушінің мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешім шығару тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 шілдедегі
N 1041 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді
белгіленген мерзімінде төлемеген салық төлеушінің
мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешім шығару
тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е

1. Осы ереже салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді белгіленген

мерзімінде төлемеген салық төлеушінің мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешім шығару тәртібін, сондай-ақ салық заңдарын бұзғаны үшін салық төлеушілердің және олардың борышкерлерінің банктегі және басқа да қаржы-кредит мекемелеріндегі шоттарында қаражаты болмаған жағдайда өсім, айыппұл сомасын айқындайды.

2. Салық төлеуші борышкердің мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешім шығару қайда және кімнің нақтылы пайдаланылуына екеніне қарамастан меншік құқы бойынша оның өзінікі болып табылатын немесе толық шаруашылық қарауындағы (мүлікті толық шаруашылық билігіне беру туралы шартта оны толық немесе белгілі бір бөлігінде иесіздендіруге тыйым салу қарастырылған жағдайлардан басқа) мүлікке ғана жүргізілуі мүмкін. Тіркелуге жататын мүлік бойынша құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері қоса берілді.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.16. N 773 қаулысымен. P990773_

3. Салық төлеушілердің шоттарында және олардың борышкерлерінің банкілеріндегі шоттарында қаражаты болмаған жағдайда қарызды өтеу үшін ең алдымен олардың қолда бар қаражатына (оның ішінде шетел валютасына да) шара қолданылады, тек ондайлар болмаса немесе жетіспесе ғана өзге мүліктердің кез келген түріне шара қолданылады, сонымен қатар салық төлеушінің ұсыныстарын ескере отырып, салық органы билік етуін шектелетін мүліктердің тізбесін дербес айқындайды.

Қарызды өтеуге теңге және шетел валютасы түріндегі қолма-қол ақша төленбеген салыққа жіберілсе, бюджетке үш күннен асырылмай енгізілуге жатады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.03.19. N 333 қаулысымен. P960333_

4. Бірінші кезекте пайдалануға билік етуді шектеу өндірістік тізбекке тікелей қатыспайтын мүліктерге, бағалы қағаздар: өндірістік емес үй-жайлардың жабдықтары, жеңіл автокөліктер, кеңселердің сәндік заттары және т.б.; екінші кезекте - өндіріске тікелей қатыспайтын және қатысуға арналмаған даяр өнімдерге (тауарларға), сондай-ақ өзге де материалдық құндылықтарға; үшінші кезекте - өндіріске тікелей қатысуға арналған шикі заттар мен материалдарға, сондай-ақ станоктарға, жабдықтарға (бірыңғай технологиялық циклде сипатталады), үйлер мен ғимараттарға, басқа да негізгі қорларға; төртінші кезекте займ, жалдау шарты бойынша немесе өзге шарттармен басқа тұлғаларға жалға берілген мүліктерге жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.03.19. N 333 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.16. N 773

5. Салық төлеушінің - борышкердің мүлкіне билік етуді шектеу туралы шешім шығаруды деректердің негізінде салық төлеушінің есепке тұрған жеріндегі аудан, қала, облыс, қаладағы аудан бойынша салық комитеті төрағасының (не оның орынбасарының) атынан салық қызметінің органы қ а б ы л д а й д ы :

салық комитеттерінде салық төлеушілердің салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша ескертуден кейін қарызы бар екенін көрсететін жеке шоттары;

салық төлеушінің қаражатының жоқтығын көрсететін есеп айырысу, ағымдағы, валюталық, арнаулы несиелік немесе басқа да шоттары.

Билік етуді шектеуге сауда, көлік және ақпарат шығындарын қосқанда негізгі берешекті толық өтеуге, сондай-ақ оны бағалауға, сақтауға және өткізуге кететін шығындарды өтеуге қажет және жеткілікті мүлік көлемі ғана жатады, қалғаны қ а й т а р ы л у ғ а т и і с .

Егер салық төлеуші пайдалануға билік етуді шектеуге жататын мүлікті түгел немесе оның бір бөлігін, сондай-ақ қолда бар ақша қаражатын өз еркімен беруден жалтаратын болса, пайдалануға билік етуді шектеуді жүргізуші салық қызметі органы табыс алу үшін пайдаланылатын орындарды (материалдық құндылықтарды өндіру, сақтау және өткізу орындары) табу мақсатында тексеру жүргізеді. Салық төлеушінің лауазымды адамдары және басқа қызметкерлері тарапынан тексеруге және мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешім шығару кедергі келтірілген жағдайда тиісті объектілер (үй-жайлар, сейфтер, шкафтар және т.б.) салық қызметінің органының мөрімен сүргіленіп, күзетке алынады және кейіннен осы органға берілген құқыққа сәйкес тиісті шаралар қолданылады.

Тексеру қорытындылары немесе оны жүргізуге кедергі жасау фактісін тіркеу хаттамамен ресімделіп, оған тексеруді жүргізуге өкілетті адам, салық төлеушінің өкілі және екі куә қол қояды. Тексеруді жүргізуге байланысты салық төлеушінің арызы да осы хаттамада көрсетіледі. Салық төлеуші өкілінің хаттамаға қол қоюға бас тартуды ерекше жазумен көрсетіліп, куәлардың қолымен куәландырады. Пайдалануға билік етуі шектелген мүлік салық төлеушінің пайдаланылуында қалып, ол билік етуді шектеген салық қызметі органы белгіленген шарттар бойынша оларды пайдалану мен билік етуге қатысты құқықтық шектеуді ескере отырып, мүліктің сақталуы үшін жауапты болады. Бұл шарт орындалмаған жағдайда берешек салық төлеуші заңды тұлғаның басшысы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 357-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің
1996.03.19. N 333 қаулысымен. P960333_
ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.16. N 773
қаулысымен. P990773_

6. Мүлікке билік етуі шектелген шешім шығару қоса беріліп отырған нысан бойынша салық төлеушіге осы Ереже белгіленген тәртіпке сәйкес оны (мүлікті) пайдалану және оған иелену шарттары туралы ескертіле отырып, мүліктердің тізбесін жасау жолымен жүргізіледі.

Салық қызметінің органдары салық төлеушінің пайдалануға тыйым салуға қатысушы лауазымды адамдарына пайдалануға билік етуді шектеудің жүргізілгендігі туралы қаулының мөрмен куәландырылған көшірмесін беруге және өздерінің қызметтік куәліктерін көрсетуге, сондай-ақ барлық пайдалануға билік етуді шектеуді өткізуге қатысушыларға олардың осы Ережеден туындайтын құқылары мен міндеттерін түсіндіруге міндетті. Пайдалануға билік етуі шектелген мүліктердің тізбесі салық төлеушінің мүліктердің бастапқы бағасы мен тозу дәрежесін ескеретін бухгалтерлік есебінің мәліметтері негізінде мүліктерді бағалай отырып, қоса беріліп отырған нысанда 2 дана етіп жасалады. Орындалуы үшін жасалған актіде мүліктерге билік етуді шектеуді жүргізу туралы шешімге (күні мен нөмірі көрсетілген) сілтеме болуы керек. Мұндай сілтемесіз акт жарамсыз деп саналады.

Аталған актіге оны жасаған адам, сондай-ақ салық төлеуші-занды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, мүлікті уақытша заңды пайдаланушы тұлға (тұлғаның өкілі) және тізімдеудің мазмұны бойынша өзінің ерекше пікірін жазбаша білдіруге құқылы актіні жасауға басқа да қатысушылар қол қояды. Тізімдеу жасаушыны қоспағанда аталған адамдардың қол қоюдан бас тартуы және оның себебін жазбаша түрде баяндаудан бас тартуы тізімдеудің соңында көрсетіліп, кемінде екі куәнің қатысуымен жасалған актімен куәландырылады. Актіні мүлікке билік етуді шектеу туралы шешім қабылдаған салық қызметі органының бастығы немесе оның орынбасары бекітеді.

Актінің бірінші данасы оны жасаған салық қызметі органында қалып, мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешім шығару берілген шағымды қарайтын органдардың талабы бойынша көрсетіледі, екінші данасы салық төлеуші - заңды тұлғаның басшысына қолхатпен бірінші данада беріледі. Қолхат беруден бас тартқан жағдайда, бұл актіде

көрсетіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің
1996.03.19. N 333 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.16. N 773
қаулысымен.

P990773_

7. Берешектік өтелген жағдайда мүлікке билік етуді шектеу
жөніндегі шешім шығару жөніндегі шешім күшін жояды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің
1996.03.19. N 333 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілген - ҚР Үкіметінің
1996.03.19. N 333 қаулысымен.

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.16. N 773
қаулысымен.

P990773_

Қосымша

(салық комитетінің атауы)

Салық төлеушінің мүлкіне билік етуді шектеу туралы

Шешім

N _____
_____ (күні)

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығына сәйкес

(салық комитеті төрағасының немесе төраға орынбасарының аты-жөні)

(салық төлеушінің атауы, заңды мекен-жайы, басшысының аты-жөні, СТН)

_____ мүлкіне билік етуді

_____ сомасына

(айыппұл санкцияларын және өсімақыларды қоса алғанда, салық, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек)

_____ шектеуді шешті және салық төлеушінің-заңды тұлғаның мүлкіне билік етуді шектеу тізімдемесі актісін жасады.

(қолы, аты-жөні)

М.О.

Осы шешімнің көшірмесін алдым:

(қолы)

(салық төлеуші өкілінің аты-жөні, күні)

Бекітемін:

Төраға (төрағаның орынбасары)

(салық комитетінің атауы, мөрі)

Салық төлеуші - заңды тұлғаның

билік етуі шектелген мүлкін тізімдеу

Акті

(күні)

(жасалған орны)

(салық комитеті қызметкерінің аты-жөні)

_____ қатысуымен,
(салық полициясы қызметкерінің аты-жөні)

куәлардың:

1. _____
(аты-жөні және мекен-жайы)

2. _____
(аты-жөні және мекен-жайы)

қатысуымен

_____ салық төлеушінің
мүлкіне билік етуді шектеу туралы _____ жылғы " ____ " _____ N
_____ шешімнің негізінде _____

_____ салық төлеушінің
(салық комитетінің атауы)

_____ (салық төлеушінің атауы және заңды мекен-жайы, басшының аты-жөні)

иелігіндегі мүлкіне салық тұрғысындағы айыппұл санкциялары мен
өсімақыларды қоса алғанда, бюджетке салықтар, алымдар және басқа
да міндетті төлемдер төлеу жөніндегі жалпы сомасы

теңге берешегінің болуына байланысты, кейін осы мүлікті белгіленген
тәртіппен сатушы

билік ету шектеуді жүргізді.

Тізімдеу кезінде _____
(салық төлеушінің өкілі және басқа тұлғалар)

_____ қатысты.

Тізімдеуге төмендегі мүліктер енді:

N	Әрқайсысы	Саны	Бухгалтерлік	Нысананың
	егжей-тегжейлі		деректер	сапалық
	сипатталған		бойынша әрбір	сипаттамасы
	нысаналардың		нысананың	
	атауы		бағасы (теңге)	

_____ Жиынтық сомасы _____

Салық төлеушінің өкілі осы тізімдеудің _____ тармақтарында аталғандарды қоспағанда, оның тізімделген мүлікті пайдалануға құқығы жоқтығы және иелігіндегі барлық билік етуі шектелген мүлікке билік етуге құқығының жоқтығы ескертілген.

Тізімдеу және оны жүргізген адамның іс-әрекеті жөніндегі арыздар, ескертпелер _____

(салық төлеуші немесе
оның сенімді өкілі)

Куәлар: _____

Тізімдеуді жүргізу кезінде
қатысқан адамдар: _____

Тізімдеуді жүргіздім және
актіні жасадым _____

(салық қызметі органы
қызметкерінің лауазымы)

Осы актіде көрсетілген мүлікті жауапты сақтауға қабылдадым. Тізімдеуге жатқызылған, тәркіленген немесе билік етуі шектелген мүлікті ысыраптағаны, иеліктен алғаны, жасырғаны немесе оны заңсыз бергені үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 357-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік туралы ескертілді.

Қолы: _____
(сақтаушының атауы, мекен-жайы)

Қолхатты қайтып алдым: _____
(салық қызметі органы қызметкерінің лауазымы)

Актінің көшірмесін алдым: _____ жылғы " _____ " _____

(салық төлеушінің өкілі)

Ескерту: Тізімдеу жүргізетін тұлға, салық төлеушінің өкілі және куәлар актінің әрбір бетіне қол қояды.

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.